**Европалық Қоғамдастық Комиссиясының кредиті бойынша берешекті есептеу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 3 маусым N 683

"Астана дәрі" акционерлік қоғамының Европалық Қоғамдастық Комиссиясының кредиті бойынша республикалық бюджеттің алдындағы пайда болған берешегін қысқарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі "Астана дәрі" акционерлік қоғамының Европалық Қоғамдастық Комиссиясының кредиті бойынша республикалық бюджеттің алдындағы 7,2 млн. (жеті миллион екі жүз мың) теңге берешегінің бір бөлігін олар "Астана дәрі" акционерлік қоғамы ұйымынан қоса беріліп отырған тізбеге сәйкес алған дәрілік препараттар үшін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің республикалық емдеу мекемелерін қаржыландырудың есебіне есептеу жүргізсін.

2. Берешекті есептеу аталған соманы республикалық бюджеттің кіріс және шығыс бөліктерінде көрсетіп жүргізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 3 маусымдағы
N 683 қаулысына
қосымша

Республикалық емдеу мекемелерінің 1996 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша "Астана-дәрі" акционерлік қоғамының есебіне қабылданатын берешегі

| Дәріхананың номері | Ұйымның атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|
| 58 | Қазақ онкология ғылыми-зерттеу институты | 92 |
| -"- | Ұлы Отан соғысы мүгедектерінің госпиталі | 1521 |

| | | |
|---|---|---|
| 64 | Қазақ көз аурулары ғылыми-зерттеу институты | 1409 |
| 78 | Қазақ туберкулез ғылыми-зерттеу институты | 2050 |
| 65 | Қазақ педиатрия ғылыми-зерттеу институты | 1587 |
| -"- | Қазақ Республикасы Ұлттық ғылым академиясының емханасы | 519 |
| -"- | Республикалық стоматологиялық емхана | 7 |
| -"- | Республикалық консультациялық емхана | 15 |
| | Барлығы | 7200 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК